

**Г.А. Пазиров\*, Қ.Қ. Мамутова, Е.Ғ. Канбатыров**  
PhD аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
э.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**\*Корреспондент авторы:** pgalimjan@mail.ru

## **БИЗНЕС ҚҰНДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛДАРЫ**

### **Түйін**

Бизнестің құны қазіргі заманғы компанияларды стратегиялық басқарудың, олардың инвестициялық тартымдылығын бағалаудың негізгі критерийіне айналып отыр. Компанияны дамыту және акционерлердің әл-ауқатын арттыру стратегиясын әзірлеу және іске асыру, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда стейкхолдерлердің мүддесі үшін меншікті басқару мүліктің нақты құнын және оның өзгеру перспективаларын бағалау негізінде ғана мүмкін болады. Зерттеудің мақсаты – қазіргі уақытта бизнес құндылығын арттырудың түрлі құралдарын зерттеу арқылы, олардың ішінде тиімді құралдарды анықтау болып табылады. Жұмыстың маңыздылығы бүгінгі жедел жаһандану жағдайында бизнес құндылығын арттыру құралдарын үнемі жетілдіріп отыру қажет. Өйткені қазіргі уақытта компания нарықта өз орнын сақтап, бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін үнемі бизнес құндылығын арттырып отыру қажет. Зерттеуде талдау, синтездеу, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жалпылау, салыстыру әдістері қолданылды. Зерттеудің негізгі нәтижесі – бизнес құндылығын арттыру – кез келген компанияның ұзақ мерзімді табысты дамуы үшін аса маңызды аспект екендігі айқындалды. Отандық және халықаралық тәжірибеде қолданылатын құралдар компанияларға өз құндылығын арттыруға және бәсекеге қабілеттілігін сақтауға мүмкіндік береді.

**Кілттік сөздер:** бизнес, бизнес құндылығы, қаржылық басқару, инвестиция, корпоративтік басқару, цифрлық трансформация.

### **Кіріспе**

Қазіргі заманғы экономикалық жағдайларда бизнес құндылығын арттыру – бұл кәсіпорындардың тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін маңызды міндет. Бизнес құндылығы – бұл компанияның болашақта табыс әкелу қабілетінің көрсеткіші, ол инвестициялық тартымдылықты арттыруға, акционерлердің құндылығын максимизациялауға және нарықтағы орнын нығайтуға мүмкіндік береді.


Қазіргі заманғы жаһандану үрдісі және қаржылық нарықтардың интеграциясы кәсіпорындар үшін бизнес құндылығын арттырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Бизнес құндылығын арттыру кәсіпорынның тұрақтылығы мен табыстылығын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Отандық және халықаралық қаржылық тәжірибеде бизнес құндылығын арттыру үшін әртүрлі құралдар мен әдістер қолданылады.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Кез-келген бизнесті қалыптастыру мен жұмыс істеудің негізгі мақсаты максималды көлемде пайда табу болып табылады. Бірақ сонымен бірге бизнестің ұзақ мерзімді дамуы үшін басқа да міндеттер қою қажет. Олардың ішінде компанияның капиталдандырылуы мен оның құнының өсуі, оның шеңберінде жұмыс істейтін тетіктердің тиімділігіне де ерекше назар аудару қажет [1].

Бүгінгі таңда халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын бизнес құндылығын арттырудың негізгі құралдарына қаржылық басқаруды жетілдіру, инвестициялық стратегиялар, корпоративтік басқаруды жетілдіру, маркетингтік стратегиялар, цифрлық трансформация және қаржылық технологиялар жатады (1-сурет).



Ескертпе – [2-4] негізінде авторлармен құрастырылды

### Сурет 1 - Бизнес құндылығын арттырудың негізгі құралдары

1-суретке сәйкес бизнес құндылығын арттырудың негізгі құралдарына сипаттама беріп өтейік:

Қаржылық басқаруды жетілдіру. Қаржылық басқару – бұл бизнес құндылығын арттырудың негізгі факторларының бірі. Оған келесілер жатады:

- Капиталдың тиімді басқаруы: компанияның қаржылық ресурстарын оңтайлы пайдалану.
- Шығындарды бақылау: шығындарды азайту арқылы табыстылықты арттыру.
- Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету: қарыздық жүктемені азайту және өтімділікті сақтау.

Инвестициялық стратегиялар. Инвестициялар – бұл бизнес құндылығын арттырудың маңызды құралы. Отандық және халықаралық тәжірибеде келесі инвестициялық стратегиялар қолданылады:

- Инновациялық жобаларға инвестициялау: жаңа технологияларды енгізу және өнімділікті арттыру.
- Аймақтық және халықаралық нарықтарға кеңейту: жаңа нарықтарға шығу арқылы кірістерді арттыру.
- Меншікті капиталды қайта инвестициялау: компанияның өсуіне қаржылық қолдау көрсету.
- Портфельдік инвестицияларды әртараптандыру.
- Венчурлық қаржыландыруды пайдалану.
- Экологиялық, әлеуметтік және басқару стандарттарына сәйкес инвестициялық саясат жүргізу.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру. Корпоративтік басқарудың сапасы – бұл бизнес құндылығын арттырудың маңызды факторы. Оған келесілер жатады:

- Акционерлердің құқықтарын қорғау: мемлекеттік және халықаралық стандарттарды сақтау.
- Әділ және ашық есептілік: қаржылық есептіліктің мемлекеттік және халықаралық стандарттарын сақтау.
- Топ-менеджменттің тиімділігін арттыру: басшылық құрамының біліктілігін жоғарылату.

Маркетингтік стратегиялар. Маркетинг – бұл бизнес құндылығын арттырудың маңызды құралы. Оған келесілер жатады:

• Брендтің құндылығын арттыру: брендтің танымалдылығын жоғарылату және тұтынушылардың сенімін қалыптастыру.


• Нарықтық зерттеулер: тұтынушылардың қажеттіліктерін анықтау және өнімді оңтайландыру.

• Цифрлық маркетинг: интернет-технологияларды пайдалану арқылы нарықтағы орнын нығайту.

Цифрлық трансформация және қаржылық технологиялар. Қазіргі заманда цифрлық технологиялар бизнестің қаржылық тиімділігін арттыруға айтарлықтай ықпал етеді. Мұндай құралдарға:

- Блокчейн және криптовалюталар;
- Қаржылық аналитика және big data;
- Жасанды интеллект және машиналық оқыту негізіндегі қаржылық шешімдер;
- Онлайн-банкинг және төлем жүйелері жатады.

Сонымен қатар бизнес құндылығын арттыруда қолданылатын әдістерде маңызды рөл атқарады. Халықаралық тәжірибеде бизнес құндылығын арттыру үшін жиі қолданылатын әдістерді 2-суретте қарастырамыз.



Ескертпе – [5-6] негізінде авторлармен құрастырылды

Сурет 2 - Бизнес құндылығын арттыру әдістері

Осы 2-суретте қарастырылған бизнес құндылығын арттыру әдістеріне қысқаша сипаттама берейік:

• Меншікті капиталдың қайта құрылуы: компаниялар өз капиталдарын қайта құрып, қаржылық тұрақтылықты арттырады.

• Стратегиялық серіктестіктер: әртүрлі компаниялар арасындағы ынтымақтастық арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

• Қор нарығын пайдалану: акцияларды шығару және қор нарығындағы операциялар арқылы қаржылық ресурстарды тарту.

Белгілі бір компания басқарудың құндылық тұжырымдамасын қабылдай отырып, құралдар портфельін де, сол компанияға сәйкес келетін жеке құралдарды да таңдайды. Таңдалған құралдардың әрқайсысы осы құралдың мәнін анықтайтын белгілі бір факторлармен сипатталады. Бұл факторлар құндылық құралының ерекшелігін көрсететін сапалық сипаттамалар болып табылады. Сонымен қатар, әр фактор белгілі бір көрсеткіштер жүйесімен сипатталады [2].

Бизнес құндылығын арттырудың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Атап айтатын болсақ артықшылықтары [3, 5]:

- Инвестициялық тартымдылық – құндылығы жоғары бизнес инвесторлар мен серіктестер үшін тартымды болады, бұл капитал тартуды жеңілдетеді;

- Бәсекеге қабілеттілік – нарықтағы орнын нығайтып, бәсекелестерден бір қадам алда болуға мүмкіндік береді;

- Тұрақты табыс пен өсім – құндылығы артқан бизнес тұрақты кіріс әкеліп, ұзақ мерзімді перспективада дамуды қамтамасыз етеді;

- Сенімділік пен бедел – клиенттер мен серіктестер компанияның сенімділігіне көбірек сенеді, бұл ұзақ мерзімді серіктестіктерге әкеледі;

- Қызметкерлерді мотивациялау – бизнес құндылығының артуы қызметкерлер үшін жақсы жалақы, әлеуметтік пакеттер және мансаптық өсу мүмкіндігін ұсынады;

- Сату немесе бірігу кезіндегі жоғары баға – егер компанияны сатуды жоспарласа, жоғары құндылық оны тиімді бағамен сатуға мүмкіндік береді.

Бизнес құндылығын арттырудың кемшіліктері:

- Қаржылық және уақыттық шығындар – құндылықты арттыру үшін компанияға айтарлықтай инвестициялар қажет болуы мүмкін;

- Тәуекелдің артуы – бизнес құндылығын өсіру мақсатында жаңа нарықтарға шығу, инновациялар енгізу сияқты қадамдар қосымша тәуекелдер туғызуы мүмкін;

- Күрделі басқару – өсіп келе жатқан бизнес басқаруды қиындатып, ұйым ішіндегі бюрократияны арттыруы мүмкін;

- Қысымның жоғарылауы – акционерлер, инвесторлар және серіктестерден күтілетін талаптар артып, компания басшылығы мен қызметкерлеріне қосымша қысым түсіруі мүмкін;

- Құндылықтың тұрақсыздығы – нарықтағы өзгерістер, бәсекелестік немесе экономикалық дағдарыстар бизнестің құндылығына теріс әсер етуі мүмкін.

Бизнес құндылығын арттыру табыс пен тұрақтылыққа жетуге көмектеседі, бірақ ол қосымша шығындар мен тәуекелдерді де талап етеді. Сондықтан бұл үдерісті дұрыс стратегиямен және есеппен жүргізу маңызды [7].

Бүгінгі таңда елімізде де отандық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында олардың құндылығын арттыруға бағытталған түрлі шаралар қолға алынып келеді. Қазақстанда бизнес құндылығын арттыру үшін келесі ерекшеліктер ескеріледі:

• Мемлекеттік қолдау: мемлекеттік бағдарламалар мен субсидиялар арқылы бизнесті дамыту.

• Аймақтық ерекшеліктер: әртүрлі аймақтардың экономикалық жағдайларын ескере отырып, стратегияларды әзірлеу.

• Заңнамалық базаны жетілдіру: бизнестің дамуына қолайлы заңнамалық ортаны құру.

### **Қорытынды**

Бизнес құндылығын арттыру – бұл күрделі және көп факторлы процесс, ол қаржылық, стратегиялық және операциялық деңгейдегі тиімді шешімдерді талап етеді. Отандық және халықаралық тәжірибеде қолданылатын құралдар мен әдістер компанияларға өз құндылығын арттыруға және бәсекеге қабілеттілігін сақтауға мүмкіндік береді. Бұл үдерістің сәттілігі компанияның стратегиясын дұрыс әзірлеуге және оны тиімді жүзеге асыруға байланысты.

Бизнес құндылығын арттыру – кез келген компанияның ұзақ мерзімді табысты дамуы үшін аса маңызды аспект. Қаржылық менеджмент стратегияларын жетілдіру, инвестицияларды тиімді басқару, цифрлық технологияларды пайдалану және халықаралық қаржылық тәжірибені енгізу арқылы кәсіпорындар өз құндылығын айтарлықтай арттыра алады. Отандық және халықаралық тәжірибелерді біріктіре отырып, бизнесті жаңа деңгейге көтеруге болады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Гаврилова Э.Н., Алимсултанова М.А. Обзор инструментов повышения стоимости бизнеса: российский и зарубежный опыт. Актуальные вопросы современной экономики. 2021. №8. С. 28-33.

2. Новиков А.В., Новикова И.Я. Финансовые инструменты создания стоимости компании. Имущественные отношения в РФ. 2012. №8. С. 39-53.

3. В. И. Бусов, О. А. Землянский ; Оценка стоимости предприятия (бизнеса): учебник для академического бакалавриата / под общей редакцией В. И. Бусова. - 2-е изд., перераб. и доп. - Москва: Издательство Юрайт, 2017. - 382 с.

4. Драганюк, А. Д. Инструменты повышения стоимости бизнеса. Российский и зарубежный опыт / — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2019. — № 49 (287). — С. 59- 62. — URL: <https://moluch.ru/archive/287/64991/> (дата обращения: 02.02.2025).

5. Дерюгин С. В. Способы увеличения стоимости компании // Российское предпринимательство. — 2009. — Том 10. — № 2. — С. 78–82. URL <https://creativeconomy.ru/lib/3347>

6. Л. Н. Тепман, В. А. Артамонов. Оценка недвижимости [Текст]: учебное пособие для студентов высших учебных заведений, обучающихся по специальностям экономики и управления / - 3-е изд., перераб. и доп. - Москва: Юнити, 2017. - 571 с.

7. В. Е. Леонтьев, В. В. Бочаров, Н. П. Радковская. Корпоративные финансы: учебник для вузов /- 3-е изд., перераб. и доп. - Москва : Издательство Юрайт, 2020. - 354 с.

**Г. А. Пазиллов\*, К. К. Мамутова, Е. Г. Канбатыров**

PhD старший преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

к. э. н., доцент, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

магистрант, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

\*Автор для корреспонденции: [pgalimjan@mail.ru](mailto:pgalimjan@mail.ru)

## **ИНСТРУМЕНТЫ ПОВЫШЕНИЯ ЦЕННОСТИ БИЗНЕСА**

### **Аннотация**

Стоимость бизнеса становится основным критерием стратегического управления современными компаниями, оценки их инвестиционной привлекательности. Разработка и реализация стратегии развития компании и повышения благосостояния акционеров, управление собственностью в интересах стейкхолдеров в современных социально-экономических условиях возможно только на основе оценки реальной стоимости имущества и перспектив его изменения. Цель исследования состоит в том, чтобы определить наиболее эффективные инструменты, в том числе, путем изучения различных инструментов повышения ценности бизнеса в настоящее время. Важность работы в условиях сегодняшней ускоренной глобализации необходимо постоянно совершенствовать инструменты повышения ценности бизнеса. Потому что в настоящее время компании необходимо постоянно повышать ценность бизнеса, чтобы сохранить свое место на рынке и повысить свою конкурентоспособность. В исследовании использовались методы анализа, синтеза, обобщения, сравнения результатов научных исследований. Было установлено, что основной результат исследования – повышение ценности бизнеса – является важнейшим аспектом для долгосрочного успешного развития любой компании. Инструменты, используемые в отечественной и международной практике, позволяют компаниям повышать свою ценность и сохранять конкурентоспособность.

**Ключевые слова:** бизнес, ценность бизнеса, финансовое управление, инвестиции, корпоративное управление, цифровая трансформация

**G. A. Pazilov\*, K. K. Mamutova, E. G. Kanbatyrov**

PhD, Senior Lecturer, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

candidate of Economic Sciences, Associate Professor, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

master's student, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

\*Corresponding Author's Email: [pgalimjan@mail.ru](mailto:pgalimjan@mail.ru)

## **TOOLS TO INCREASE BUSINESS VALUE**

### **Abstract**

Business value is becoming the main criterion for strategic management of modern companies, assessing their investment attractiveness. The development and implementation of a strategy for the development of the company and improving the well-being of shareholders, property management in the interests of stakeholders in modern socio-economic conditions is possible only on the basis of an assessment of the real value of property and the prospects for its change. The purpose of the study is to identify the most

effective tools, including by examining various tools for increasing business value at the present time. The importance of working in today's accelerated globalization, it is necessary to constantly improve the tools for increasing business value. Because at present, the company needs to constantly increase the value of the business in order to maintain its place in the market and increase its competitiveness. The research used methods of analysis, synthesis, generalization, and comparison of scientific research results. It was found that the main result of the study – increasing business value – is the most important aspect for the long-term successful development of any company. The tools used in domestic and international practice allow companies to increase their value and remain competitive.

**Keywords:** business, business value, Financial Management, Investment, Corporate Governance, Digital Transformation

**Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат**

Пазилов Галимжан Абдирасулович – PhD аға оқытушы

e-mail: pgalimjan@mail.ru

телефон: 8-707-773-60-96

**Information about the author responsible for contacts:**

**G. A. Pazilov**, PhD, Senior lecturer

e-mail: pgalimjan@mail.ru

телефон: 8-707-773-60-96

**Информация об авторе, ответственном за сообщения:**

Пазилов Галимжан Абдирасулович – PhD, старший преподаватель

e-mail: pgalimjan@mail.ru

телефон: 8-707-773-60-96